

Старая Крепость ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 34/9-IV шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі N 381 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай ауданындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 10 қарашада N 5-7-101 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес алаңдарда Старая Крепость ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін және Старая Крепость ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жер орналастыру жобасына сәйкес белгіленсін.

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Бопаев Ж. Ж.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістер енгізілсін.

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

мәслихат хатшысы

*С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,
Ж. МАРАЛОВ*

Аудан әкімі

К. БАЙГОНУСОВ

**Б і р л е с к е н
Бесқарағай аудандық әкімдігінің
2011 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 381 қаулысы мен**

№ 34/9-IV шешіміне қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округінің
Старая Крепость ауылының елді мекендерінің
Экспликациясы**

Жер пайдаланушылардың атауы	Жоспардағы барлық жерлер, га	Бөгденің пайдалануындағы жерлер, га	Елді мекенге бекітілді, га	Барлық а/ш алқаптары, га	олардан				өзге де жерлер, га	ол: Күш
					егістік	тыңайма	бақшалар	жайылым		
Старая Крепость ауылының жерлері	168,0155	44,9055	123,11	90,51	2,0	1,0	12,4	75,11	32,6	2,0
«Бичура» ш/к (о5-240-032-001)	2,38	-	2,38	2,38	2,38	-	-	-	-	-
«Бичура» ш/к (о5-240-032-002)	0,12	-	0,12	0,12	-	-	-	0,12	-	-
«Лада» ш/к (о5-240-032-119)	1,69	-	1,69	0,79	-	-	-	0,79	0,90	-
Жоба бойынша елді мекеннің аумағы	172,2055	44,9055	127,3	93,8	4,38	1,0	12,4	76,02	33,5	2,0